ХАТТАМА **ПРОТОКОЛ**

«27» қазан 2026ж. №1 Алматы қ.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ / ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА КУРАТОРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Қатысқандар: 25 адам

КҮН ТӘРТІБІНДЕ / НА ПОВЕСТКЕ ДНЯ

1. Академиялық топ кураторлары мен эдвайзерлерінің қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарау. (**Хаттамаларында көрсетілген мәселелер**)
2. 2026-2027 оқу жылында академиялық топ тәлімгерлері мен эдвайзерлерінің қызметін ұйымдастыру және университеттік білім алушыларға арналған С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ **«Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелерімен»** таныстырылғандығы туралы ақпарат.
3. Жаңадан бастаған тәлімгерлерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету.
4. Тәлімгерлік сағаттарды өткізу және бақылау тәртібін бақылау.
5. Тәлімгерлердің деканаттармен, білім алушылармен, ата-аналармен және университеттің құрылымдылық бөлімшелермен өзара іс-қимыл жасау нысандарын талқылау.
6. Әр түрлі мәселелер

СӨЗ АЛДЫ: Ахан Л.А.,ТЖжСБО *басшысы*: Тәрбие жұмысы бойынша осы қыркүйек-қазан айларында Заң мен Тәртіп, Толық Адам, Таза Қазақстан, Адал азамат туралы көптеген іс-шаралар өткізілуде, сіздер факультет, кафедра деңгейінде өткізілген іс-шараларды, тәлімгерлік сағаттарды, студенттердің қатысуымен өткізілген сенбіліктер, акцияларды, кезекшіліктерді міндетті түрде университет сайтына, факультет, кафедраның әлеуметтік желілеріне салуды ұмытпаңыздар. Айта кететін жайт, Заң мен Тәртіп бағыты бойынша қаншама түсіндіру жұмыстары, іс-шаралар, кездесулер, акциялар өткізілсе де Жатқханаларда тәртіп бұзушылықтар кездесуде. Алматы қ.ІІД келген ақпарат бойынша Педиатрия мектебінің студенттері арасында төбелес жағдайы орын алған. Қазыргі таңда студенттерді оқудан шығару шарасы қарастырылуы мүмкін, сот шешіміне сәйкес тәртіптік жаза қолданылатын болады. Қосымша марафондар, экологиялық акциялар жүргізілуде.

СӨЗ АЛДЫ: *Қазақстан тарихы және әлеуметтік пәндер кафедрасы оқытушысы, Қауымдастырылған профессоры Мәлік Ғалым*

Алауиддинұлы:-Сабақ оқымайтын студенттерді деканат тарапынан қорғайтын, сөзін сөйлеп өбектейді, оған біз қандай іс-әрекет жасасақ болады?»

СӨЗ АЛДЫ: *Биофизика курсымен қалыпты физиология кафедрасының оқытушысы, Қауымдастырылған профессоры Алмабаева Нұргайша Махаметшариева:-ия менде де сондай оқиға болды, студент жазба қағаз(шпоргалка) алып пайдаланып отырды, ескерту жасап деканатқа апарғанда деканат студентті қорғап шықты, оған біз қандай іс-әрекет жасасақ болады?»*

ТЫҢДАЛДЫ: Ахан Л.А., ТЖжСБО *басшысы*: Студентті әрдайым деканат қорғайды және студент солай жасасам дұрыс екен деп қабылдамауы керек, деканатпен бірлесіп әңгіме-кеңес жүргізіңіздер.

СӨЗ АЛДЫ: *Стоматология мектебінің оқытушысы,Бақбаев Бейбітжан Байрахманович, - Вейп электрондық темекі шегетін студент қыздар бар, 3-курста оқитын ішкі тәртіп ережесін білетін студент қыздар арасында да көп кездеседі, ескерту берілсе де қоймайды, олармен қалай жұмыс жасаймыз?*

СӨЗ АЛДЫ: Ахан Л.А., ТЖжСБО *басшысы*: бүгінгі таңда арнайы бір реттік электрондық темекілерді шеккені үшін айыппұл салынады(Қазақстанда вейптердің (электрондық темекілердің), олардың сұйықтықтары мен хош иістендіргіштерінің айналымына толық тыйым салынған және ол үшін **қылмыстық жауапкершілік (ҚР ҚК 301-1 бабы)** қарастырылған), және видео, фото дәлелдемелері арқылы университеттік білім алушылар алдындағы құқықтық Тәртіптік комиссияға құжат ұсынылады. Сондай-ақ, осы мәселе және басқа да мәселелер аясында тәлімгерлердің деканаттармен, білім алушылармен, ата-аналармен және университеттің құрылымдылық бөлімшелермен өзара іс-қимыл жасауын бірлесіп іске асыруымыз керек.

СӨЗ АЛДЫ: Ахан Л.А., ТЖжСБО *басшысы*: бүгінгі қарастырылған мәселелер бойынша және де Тәлімгерлер Кеңесі отырысының келесі жиналысты қараша айына ұйымдастырамыз деп бір ауыздан келісілді.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Күн тәртібінде қарастырылған 1-ші мәселе бойынша Тәлемгерлер жұмысын жүйелендіру.
2. С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ **«Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелерімен»** таныстырылғандығы туралы жұмысты нақты әрі жедел түрде жүргізу.

3. Жаңадан бастаған тәлімгерлерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету бойынша аға тәлімгерлер мен деканаттардағы Тәрбие жұмысы бойынша жауапты декан орынбасарлары және жауапты мамандар бірлесе көмектессін.

4. Тәлімгерлер Кеңесі отырысының келесі жиналысы қараша айында өткізілсін.

5. Тәрбие жұмысымен айналысатын тәлімгер-оқытушылар уақытылы және деканатпен бірлесіп жүйелі жұмыс жүргізсін.

Төраға **Л.Ахан**

Хатшы **И.Сеитова**

«27» «10» 2026ж.

№	Аты-жөні, тегі	Лауазымы
1	Курманалиева Ж.К	гл. спец ДКД
2	Калдыбаева А.К.	асс.профессор бөлім.в.каф.РаТК
3	Бапиғаев Е.Е	асс. проф Онкология
4	Оңалтаева А.Е.	педиатрия Медгородку бас.мам ОДК
5	Нұрғалиева Ғ.С.	ассистент каф. микробиол, вирусол
6	Асқаров Н.М.	бас маман ҰҒС
7	Ахметова Ж.Б.	лектор каф. гистол. эмбр
8	Ақбергенова А.Ж.	зам. директора ДРД
9	Ерғалиева М.А.	каф. ПДБ старший куратор Медгородку
10	Бакаштаева Э.Д.	гл. спец ИОМ-1
11	Төлегенова Ш.М	зам. директора ЮРИО
12	Аюшбаева Ж.Ж.	бас. маман ИЦОЗ
13	Алмабаева Н.М.	библиотекарь-курсымен орын. отд
14	Гапеенко Ю.В	асс. кафедры Клинической психол
15	Мэлік Т.А	каф Терапия ЭПП
16	Сабдин К.Қ.	зам. дек (нач спец)
17	Жүнт К.Р.	кафедра патологии
18	Оспанова Ж.А.	каф. ядерных диагностик
19	Сеитова Г.А.	глав спец. ЦВРиСН
20	Мирамедиев М.Ш.	общая хирургия
21	Сагдаев Б.Б	терап. стом-я
22	Шуленова Гаухар	Фармацевтикалық техн. каф
23	Ашимханова Д	Фармацевт. техн. каф.
24	Ташева Ж.Ж	Клин. биох и мед. генет
25	Арын А.А.	Рук. ЦВРиСН
26		
27		
28		
29		
30		
31		
32		
33		
34		
35		